

Азаматтық әуе кемелеріне арналған қуаты 1100 кВт-дан аспайтын турбовинтті қозғалтқыштарға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі кедендік әкелу бажының мөлшерлемесін белгілеу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 10 наурыздағыдағы № 16 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. ЕАЭО СЭҚ ТН 8411 21 000 1 кодымен жіктелетін азаматтық әуе кемелеріне арналған қуаты 1100 кВт-дан аспайтын турбовинтті қозғалтқыштарға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі кедендік құнның 0 пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

В. Христенко